

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Амангелді ауданы білім бөлімінің Амангелді жалпы
білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

«Бекітілді»
Мектеп директоры:  Б.Ш. Дауитбаев

Әдістемелік жұмыс жоспары

2022-2023 оқу жылы

Әдістемелік кеңестің отырыс кестесі

Қ/с	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты
І отырыс			
Тақырыбы: Жұмыс жоспарының 2022-2023 оқу жылындағы құрылымы.			
Мақсаты: Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарды талдап, келесі оқу жылының міндеттерімен таныстыру.			
1	Жаңа оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспарларына қойылатын міндеттер. Жоспарларды бекітуге ұсыну. Мемлекеттік бағдарламалар	Тамыз	Г.Жанбосынова
2	«Сабақты зерделеу» тобының жұмыс жүйесі.		Шығар-қ топ жетекшілері
3	Жұмыс жоспарымен таныстыру		Топ жетекшілері
4	«Ақбота», «Кенгуру», «Абай оқулары», «І.Жансүгіров оқуларына» дайындық барысы.		ӘБ жетекшілері
4	Білім жетілдіру курсының өтілуіне арналған жоспар құру, курстан өту кестесін түзу.Оқушылардың оқулықпен қамтылу	К.Абдикова ӘБ жетекшілері. Мағзұмова А	
II отырыс			
Тақырыбы: Мұғалімнің шығармашылық потенциалын жетілдіру, білім сапасын арттыру.			
Мақсаты: Оқушылардың міндетті білім деңгейіне жету мәселелері және осы деңгейдегі бағаларды объективті шешу.			
1	27.08.2022 ж. №382 бұйрық бойынша ҚМЖ құру әдісі (топтық жұмыс) Электрондық күнделіктің жүргізілуі	Қараша	Г.Жанбосынова К.Абдикова ,
2	Piza га дайындық жұмыстары.электрондық күнделіктің ижүргізілуі		Пән мұғалімдері
3	Мектепшілік пәндер олимпиадасын өткізу, аудандық олимпиадаға дайындық жұмыстары, ғылыми жобалар дайындығы		К.Абдикова ӘБ жетекшілері
4	Жаратылыстану –математикалық бағыттағы пәндер бойынша ҰБТ –ға дайындық барысындағы негізгі мәселелер туралы семинар		Ж.Баймұханова, Н.Дихамбаева
5	Коучинг «Озат тәжірибе - көпке ортақ». Білім жетілдірудегі жаңашылдық		Г.Әубәкір топ құрамы
III отырыс			
Тақырыбы: Оқытудың қазіргі заман сабағы			
Мақсаты: Білім беруде сабақтың тиімділігін жетілдірудің іздену жолдары			
1	I жартыжылдық бойынша ӘБ-тік жетекшілерінің есебі. Ағымдағы бақылау және I жартыжылдық бойынша әкімшілік бақылау жұмысының нәтижелері бойынша	Қант ар	ӘБ жетекшілері

	білім беру процесінің мониторингі.		
2	Жас мамандар үшін «Мұғалім құзыреттілігі» тақырыбына семинар өткізу.		Әмірғазина Г
3	9-11 сыныптардағы қазақ тілі және әдебиеті, тарих пәндерінің жүргізілуі		ДОО
4	«Үздік педагог - 2023» конкурсын өткізу, жеңімпаздарды облысқа ұсыну.		ДОО
5	Қоғамдық- гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша ҰБТ – ға дайындық барысындағы негізгі мәселелер туралы семинар		Н.Карпина Б.Уатқанова ӘБ жетекшілер
	ІҮ отырыс Тақырыбы: Мектепшілік ғылыми зерттеу жұмыстары Мақсаты: Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жұмыстарын жүйелеу.		
1	Жыл бойы жүргізілген ғылыми жұмыстардың қорытындысы	Наурыз	К.Абдикова
2	Шығармашылық топтың «Критериалды бағалау арқылы білім сапасын көтеру » тәжірибелік семинар		«Сабақты зерттеу» шығармашылық топ
3	Мектептің аттестаттау комиссиясының жұмыс нәтижесі		К.Абдикова
4	4-9 сынып оқушыларының МОДО ға дайындығы		4-9 сынып жетекшілері
	Ү отырыс Тақырыбы: 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмысының қорытындысы. Мақсаты: Әдістемелік жұмысты талдау.		
1	Мұғалімдерді аудандық тамыз конференциясына ұсыну.	Мамыр	ДОО
2	ӘБ жетекшілерінің есебі мен жаңа оқу жылының міндеттері.		ӘБ жетекшілері
3	ҰБТ-ға дайындық жағдайы.		Г.Жанбосынова
4	Әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы: >Жас маман есебі; >Шығармашылық жұмыстар есебі; >Оқу кабинеттерін паспорттауға, қайта паспорттауға дайындық; >Білімін жетілдіру курстарына жіберу қорытындысы		Г.Әмірғазина «Ұлағат», «Сабақты зерделеу» тобі Мектеп әкімшілігі К.Абдикова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысқаны: 66
Қатыспағаны: 66

29.08.2022 жыл

**Хаттама №1
Күн тәртібінде:
Тыңдалды:**

Жұмыс жоспарының 2022-2023 оқу жылындағы құрылымы.

1. Жаңа оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспарларына қойылатын міндеттер. Жоспарларды бекітуге ұсыну.

Г.Жанбосынова
Шығармашылық топ жетекшілері

2. «Сабақты зерделеу» тобының жұмыс жүйесі. Жұмыс жоспарымен таныстыру.

Топ жетекшілері

3. «Ақбота», «Кенгуру», «Абай оқулары», «І.Жансүгіров оқуларына» дайындық барысы.

ӘБ жетекшілері

4. Білім жетілдіру курсының өтілуіне арналған жоспар құру, курстан өту кестесін түзу.

К.Абдикова
ӘБ жетекшілері

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша жаңа оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспарларына қойылатын міндеттер және жоспарларды бекітуге ұсыну туралы Г.Жанбосынова сөйледі. 2022-2023 оқу жылында **әдістемелік жұмыс тақырыбы:** «Жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып педагогтармен білім алушылардың құзыреттілігін дамыту арқылы білім сапасын арттыру. **Мақсаты:** ұстаздардың кәсіптік құзыретін арттыру және білім беру процесінің инновациялық проблемаларын шешу арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін мұғалімдердің қызметін ұйымдастыру.

-білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық -әдістемелік және оқу материалдық объектілермен қамтамасыз ету.

-оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру. **Міндеттері:**

-білім алушылардың ғылыми әлеуетін анықтау (Республикалық, облыстық, олимпиадалары мен конкурстарға қатысу);

- оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатында мұғалімдерге практикалық көрсету үшін әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын даярлау және өткізу;

- педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастаған ұстаздарға әдістемелік көмек көрсету;

-кәсіптік шеберлік конкурстарын, тақырыптық және ғылыми семинарлар, конференциялар, ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;

-алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелер мен білім беруді ақпараттарды қорыту және тарату іс-шараларын өткізу;

-өткізілген оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың оқушылардың үлгеріміне әсерін талдау;

-білім алушылардың өзіндік жұмысын (БЖБ, ТЖБ әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу); білім алушылардың контингентін, олардың бейінін, дайындық деңгейін және мүмкіндік деңгейін ескере отырып, жыл сайын қалыптастыру жұмысын әдістемелік қамтамасыз етілуін жоспарлау;

-оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын терең игеруді ұйымдастыру;

- ғылыми жобаларды, оқу-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу;

- дидактикалық -әдістемелік, оқу-материалдық оқыту құралдарын әзірлеп тәжірибеге енгізу;

- оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін талдау.

Мектебімізде 6 пән бірлестігі бар: Шет тілі пән бірлестігі (Ж.Төлегенова), математика, информатика пән бірлестігі (Б.Баяхметова), қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі (А.Арбабаева), бастауыш сынып бірлестігі (Б.Жұбатқанова), өнер, технология пән бірлестігі (А.Ержігітова), жаратылыстану пән бірлестігі (Н.Қабылдина).

Биылғы оқу жылында ҰБТ, PISA, МОДО арналған жұмыс жоспарымен таныстырылды. Оқушылармен жұмыс өткізу үшін қосымша сабақ кестесі құрылып, таныстырылды.

Қабылданған қаулы:

Педагогтардың кәсіптік құзыретін арттыру және білім беру процесінің инновациялық проблемаларын шешу арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін мұғалімдердің қызметін ұйымдастыру және ҰБТ, PISA, МОДО жұмыстары сапалы, тиянақты жүргізілуі оқу ісінің орынбасары Г.Қ.Жанбосыноваға міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша «Сабақты зерделеу» тобының жұмыс жүйесі. Жұмыс жоспарымен таныстыру үшін Г.Жанбосынова, К.Абдикова сөйледі. Мұғалімдердің педагогикалық іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, оқушылардың сабаққа қатысуларын бақылау, сабақтың тиімділігін, оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынас деңгейін анықтау және мұғалімдердің сабақтарына әдістемелік көмек көрсету, сабақтағы қиындықтар мен фактілер және оны шешу жолдарын анықтау мақсатында сабақты зерделеу тобы құрылған. Денгейлік курстан өткен мұғалімдер топ құрамына енгізілген: Н.Дихамбаева, Б.Баяхметова, Ж.Баймұханова, Г.Әмірғазина, Б.Уатқанова, И.Исалина, Қ.Баймақов, Р.Агажанова, С.Мухатина. Оқу-тәрбие орынбасарлары ұжым мүшелерін «Сабақты зерделеу» тобының жұмыс жоспарымен таныстырды.

Қабылданған қаулы:

Топ құрамымен жұмыс жасау директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Г.Жанбосыноваға және ғылыми ісі жөніндегі орынбасар К.Абдиковаға міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі III мәселе «Ақбота», «Кенгуру», «Абай оқулары», «І.Жансүгіров оқуларына» дайындық барысы туралы әдістемелік бірлестік жетекшілері сөйледі. Жоғарыда аталған білім сайыстарына оқушылар анықталып, дайындық жұмыстарының жоспарланғандығы және жұмыс жасау барысы қадағаланатындығы айтылды.

Қабылданған қаулы:

Алдағы оқу жылына жоспарланған жұмыстар сапалы, тиянақты жүргізілсін. Жауапкершілік пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі мәселе білім жетілдіру курсының өтілуіне арналған жоспар құру, курстан өту кестесін түзу тақырыбында ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдикова сөйледі. 2022-2023 оқу жылында курстан өту мезгілі келіп тұрған педагогтар, жоспар бойынша білім жетілдіру курсынан өтіп отырады.

Қабылданған қаулы:

Педагогтардың жоспарлы, уақытылы білім жетілдіру курсынан өтілуін қадағалау ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдиковаға міндеттелсін.

Шешімнің сапалы орындалуын, өз құзырыма қалдырамын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Г.Жанбосынова

Ә. Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысқаны: 66

28.11.2022 жыл

Қатыспағаны:

Хаттама №2

Тақырыбы: **«Мұғалімнің шығармашылық потенциалын жетілдіру, білім сапасын арттыру»**

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1.27.08.2022 ж №382 бұйрық бойынша ҚМЖ құру әдісі (топтық жұмыс). Электрондық күнделіктің жүргізілуі

Г.Жанбосынова, К.Абдикова

2. Piza ға дайындық жұмыстары.

Пән мұғалімдері

3. Мектепішілік пәндер олимпиадасын өткізу, аудандық олимпиадаға дайындық жұмыстары, ғылыми жобалар дайындығы.

ӘБ жетекшілері: Қабылдина Н, Арбабаева А, Төлегенова Ж, Баяхметова Б

4. Жаратылыстану –математикалық бағыттағы пәндер бойынша ҰБТ –ға дайындық барысындағы негізгі мәселелер.

Ж.Баймұханова, Н.Дихамбаева

5. Коучинг «Озат тәжірибе - көпке ортақ» коучинг

«Ұлағат» шығармашылық тобы: Г.Әубәкір, топ құрамы

6.Білім жетілдірудегі жанашылдық (тәжірибе алмасу).

Г.Әуезова, Р.Ағажанова

Күн тәртібіндегі I мәселе 27.08.2022 ж №382 бұйрық бойынша ҚМЖ құру әдісі тақырыбына оқу ісінің орынбасары Г.Жанбосынова, ғылыми-әдістемелік орынбасар К.Абдикова «Қысқа мерзімді жоспарлау үздік нәтижелерге жетудің негізі» тақырыбында коучинг жүргізді. «Мен жақсымын», «менің қолымнан бәрі келеді», «бұл тақырыпты жақсы меңгеремін», «мен үшін бұл күн орасан зор пайда келтіреді», «мен осындай ортада еңбек етіп жүргеніме бақыттымын» карточкаларын таңдау арқылы қатынасушылар топқа бөлініп берілген тапсырма бойынша қысқа мерзімді жоспар құрып, топ алдында қорғады. Мақсаты, оқушының іс-әрекеті, мұғалімнің іс-әрекеті, ресурстар, жеке жек талданып, бір – біріне ұсыныс, пікірлерін айтып, толықтырып отырды. Топтық жұмыстан кейін оқу ісінің меңгерушісі қорытынды жасады.

Қабылданған қаулы:

ҚР БҒМ 27.08.2022 ж №382 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп мұғалімдеріне осы бұйрық негізінде ҚМЖ құру талаптары міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі II мәселе Piza- ға дайындық жұмыстары туралы пән мұғалімдері сөйледі. Математика пәні мұғалімі Б.Баяхметова 9 «ә» сыныбына сабақ береді. Сыныпта 7 оқушы Piza тапсырмаларын орындайды. Мұғалім оқушыларды үш топқа бөлді. Жоғары деңгейге қойылатын талап: бұл деңгейге жеткен оқушылар білімді қабылдауға және көрсетуге қабілетті (С.Азаматқызы, А.Балғабекова, С.Серікқызы). Орта деңгейге қойылатын талап: бұл деңгейге жеткен оқушылар білімді қабылдауға және көрсетуге қабілетті (Т.Асқар, А.Мұбарак). Төмен деңгейге қойылатын талап: бұл деңгейге жеткен оқушылар қарапайым білімді болады, адам денсаулығына және жануарлардың мінез-құлық және физикалық сипаттарына байланысты кейбір қарапайым фактілерді білу (Е.Таймас, Ә.Бақыткерейұлы).

Математика пәні мұғалімі Г.Амиргазина 9 «а,б» сыныбына сабақ береді. Математикалық сауаттылық бойынша тест жұмыстары алынған. Мақсаты теориялық білім мен практикалық білім дәрежесін теңестіру, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Оқушылар көбінесе логикалық есептерді шешудің тиімді жолдарын қарастырады. Тест жұмыстары 10 баллдық жүйеде алынды. Ең төмен 3 балл көрсеткен оқушылар болған.

Биология пәні мұғалімі Н.Қабылдина сабақ береді. Барлығы 10 сыныптарда 13 оқушы қатынасады. Оқушыларға пән бойынша тапсырмаларын беріп, дайындық жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде.

Қабылданған қаулы:

Оқу, жаратылыстану, математикалық сауаттылық бойынша Piza ға дайындық жұмыстары 9, 10 сыныптармен сапалы жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелеген, дайындық жұмыстары әр тоқсан сайын сапалы жүргізген жұмысын көрсету міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі III мәселе Мектепішілік пәндер олимпиадасын өткізу, аудандық олимпиадаға дайындық жұмыстары, ғылыми жобалар дайындығы туралы әдістемелік бірлестік жетекшілері сөйледі. Мектеп оқушылары арасында математикадан пәндік олимпиада өткізудің басты мақсаты – дарынды оқушыларды іріктеу, кәсіптік бағдар бере отырып, математика мамандығын игеруге шақыру, маман-кадрлар дайындауға үлес қосу, білім мен тәрбие берудің оңды жолдарын іздестіру.

Оқушылармен жүйелі жұмыс жасау үшін мұғалім пәндік олимпиадаға даярлаудың үлгі-жоспарын ұсынды. Биылғы оқу жылында ғылыми жоба жұмысы бойынша 3 оқушы дайындық үстінде. «Отбасылық бюджетті үнемдеу» оқушы Д.Хасен, жетекшісі Ж.Хасенова, «Математика және медицина» оқушы Н.Ғазез, жетекшісі Б.Баяхметова, «Артында өшпейтін із қалдырған» оқушы Н.Құрақбай, жетекшісі Г.Әмірғазина.

Жаратылыстану пән бірлестігі бойынша жетекші Н.Қабылдина сөйледі. Бірлестік мүшелері «жаратылыстану пән бірлестігі педагогтары мен білім алушыларының оқу-тәрбие үрдісінде құзыреттіліктерін дамытуда білім сапасын арттыру» тақырыбы бойынша жұмыс жасайды. Бірлестік бойынша мұғалімдер әр пән бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуде. 31 оқушы қатынасқалы отыр. 6 оқушы ғылыми жобаға дайындық үстінде.

Қабылданған қаулы:

Мектепішілік пән олимпиадасының нәтижесі бойынша аудандық кезеңге ұсынылатын оқушылармен және ғылыми жоба алған оқушылармен сапалы жұмыс жүргізу міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі IV мәселе жаратылыстану –математикалық бағыттағы пәндер бойынша ҰБТ –ға дайындық барысындағы негізгі мәселелер математика пәні мұғалімі Н.Дихамбаева және география пәні мұғалімі Ж.Баймұханова сөйледі. ҰБТ, мақсат- міндеті, күтілетін нәтижелер туралы түсіндіріп айтып өтті. Мұғалім оқушылар жақсы нәтижеге жету үшін, оларды психологиялық дайындау қажет деп есептейді.математика пәні бойынша 2 рет тест жұмысы алынған. Нәтижесі төменгі көрсеткіш көрсеткен. Дайындық қажет.

Дайындық барысында бірнеше қиындықтарда кездеседі: оқушылар теорияны білмейді; теорияны білгенмен, оны іс жүзінде пайдалана алмайды; оқушылардың тест жауаптарын жалаң жаттауы; тапсырманың мәнін түсінбегендіктен қате жібереді; терминдерді, ұғымдарды шатастырады; назарын шоғырландыра алмайды, бөлінген уақытты дұрыс пайдалана алмайды. Биылғы оқу жылында география пәнін 7 оқушы таңдаған. Нәтижесі төмен. Мұғалім жұмыс жасау қажеттігін айтады. Ұстаздар тестілеудің нәтижесі мектепте оқу процесінің жүйелі жүргізілетіндігіне және педагогтар мен ата-аналардың қаншалықты тығыз байланыста жұмыс жүргізуіне тікелей байланысты деп біледі.

Қабылданған қаулы:

Жалпы мектеп бойынша ҰБТ дайындық жұмыстары 10 сыныптан бастап қолдау тауып, нәтижелі жұмыс жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі V мәселе «Озат тәжірибе - көпке ортақ» коучинг «Ұлағат» шығармашылық тобы: Г.Әубәкір, топ құрамы. Озат тәжірибеге жету үшін оқытудың мазмұн, мақсат, әдіс, құрал, жағдай сияқты негізгі салаларыбойынша көп тәжірибе жинақтау керек. Ұстаздан жоғары кәсіби және әдістемелік шеберлікті қажет ететін, жаңа нормативтік талаптарға негізделген тәжірибе оң тәжірибе, ал қарапайым мектептегі қатардағы мұғалімнің, көпшіліктің сұранысын қанағаттандыратындай дәрежедегі, тиімді жолмен қол жеткізген керемет жетістігіне негізделген тәжірибе озат тәжірибе деп аталады. Озат тәжірибелі мұғалім ол- практика жүзінде өзіндік идеясы бар, ғылыми- зерттеуші, шығармашыл, өзгені қызықтыратын әдіс-тәсілі бар, әдістемелік жинағы бар, көптің сұранысын қажет ететін.

Қабылданған қаулы:


«Ұлағат» шығармашылық тобы арқылы мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибелері мектептің әдістемелік кеңесіне ұсынылып, әдістемелік кеңесте талданып, іріктеліп, аудандық кезеңге ұсыну үшін шығармашылық топ мүшелерін сапалы жұмыс жасау міндеттеледі.

Күн тәртібіндегі VI мәселе білім жетілдірудегі жаңашылдық (тәжірибе алмасу). Мектепалды даярлық тәрбиешісі Г.Әуезова, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Р.Ағажанова сөйледі. Балалардың оқу іс-әрекетін арттыру үшін ойын элементтерін тиімді пайдалану керек. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ барысында қандай ойын түрлерін қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарда болғаны дұрыс деп есептейді. Сөйлеуші бұдан ары қарай ойын түрлерін, бірнеше әдіс-тәсілдермен таныстырып өтті. Р.Ағажанова оқушыларға сұрақ қою және олардың жауаптарына қарай әрекет ету тақырыбында сөйледі. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі. Мұғалім тәжірибе кезінде әр түрлі сұрақтар қолданған. Сабақты ұйымдастыру сәтінде шартты дамытуға бағытталған сұрақтарды қолданған. Бүгін қандай тақырып төңірегінде сөйлесеміз? Біздің не білуіміз керек деп ойлайсындар? Осы сұраққа жауап беру үшін не істеу керек? Сұрақтардың біріншісі жабық сұраққа тек бір ғана дұрыс жауап бар. Олар оқушылардың бір нәрсені білетінін, не білмейтінін анықтап береді. Мұғалім алдағы уақытта шеберлік пен сенімділікті талап ететін пайдалы ашық сұрақтар, түрткі болу, сынақтан өткізу сұрақтарына және оқушылардың жоғары дәрежедегі сұрақтарды қоюды меңгеруіне жете мән беру керек деген пікір айтты.

Қабылданған қаулы:

Білім жетілдіру курсынан өтіп келген әр педагогтің жаңашыл жұмыстары, іс-тәжірибелерін таратып отыру уақытында қолға алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.Жанбосынова

Хатшысы:  Ә. Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысқаны: 65

Қатыспағаны:

06.01.2023 жыл

Хаттама №3

Тақырыбы: «Оқытудың қазіргі заман талабы»

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1. I жартыжылдық бойынша ӘБ-тік жетекшілерінің есебі. I жартыжылдық бойынша жұмысының нәтижелері бойынша білім беру процесінің мониторингі.
ӘБ жетекшілері
2. «Үздік педагог - 2023» конкурсын өткізу, жеңімпаздарды ауданға ұсыну.
Бірлестік жетекшілері
3. Жас мамандар үшін «Мұғалім құзыреттілігі» тақырыбына семинар өткізу.
Г.Әмірғазина
4. 9-11 сыныптардағы қазақ тілі және әдебиеті, тарих пәндерінің жүргізілуі
ДОО
5. Қоғамдық- гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша ҰБТ – ға дайындық барысындағы негізгі мәселелер туралы

Н.Каргина , Б.Уатқанова
С.Әуезбекова , Г.Әубәкір

Күн тәртібіндегі I, II мәселелер I жартыжылдық бойынша ӘБ-тік жетекшілерінің есебі, I жартыжылдық бойынша жұмысының нәтижелері бойынша білім беру процесінің мониторингі және «Үздік педагог - 2023» конкурсын өткізу, жеңімпаздарды ауданға ұсыну туралы әдістемелік бірлестік жетекшілері сөйледі. Бірлестік жетекшілер бірлестіктегі әр пән мұғалімінің электронды күнделікті жүргізуі, күнделікті сабақ жоспары, мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатынасуы, сонымен қатар курстан өтуі, баспа беттеріне мақала, озат тәжірибе тарату, авторлық жұмыстары, семинарларға қатынасуы бойынша қандай жұмыс жүргізгендіктері туралы айтылды. Жаратылыстану пәні бірлестігінде 8 мұғалім жұмыс жасайды, бірлестік жетекшісі Н.Қабылдина. Бірлестік бойынша ең жоғары көрсеткіш көрсетіп тұрған Досбергенова Әсем. Бастауыш сынып бірлестігінде 13 мұғалім, жетекшісі Жұбатқанова Б. Бірлестік бойынша жоғары көрсеткіш С.Оразбаевада. Технология және денешынықтыру пән бірлестігінде 10 мұғалім жұмыс жасайды, жетекшісі А.Ержігітова. Бірлестік бойынша жоғары көрсеткіш музыка пәні мұғалімі Ержігітова А. Дене шынықтыру пәні мұғалімі С.Амирғазин көрсетті. Тіл мен тарих пәні бірлестігінде 10 мұғалім, жетекшісі А.Арбабаева. Бірлестік бойынша жоғары көрсеткіш Б.Уатқановада болды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 3 мұғалім сабақ береді. Шет тілдер бірлестігі жетекшісі Ж.Төлегенова. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша ең жоғары көрсеткішті көрсеткен Р.Ағажанова. математика және информатика пәні бірлестігінде 5 мұғалім жұмыс жасайды. Жетекшісі Б.Баяхметова. Бірлестік бойынша жарты жылдықта жоғары көрсеткішті Н.Дихамбаева және Б.Баяхметова көрсетті. Жетекшілер әр бірлестіктен «Үздік педагог» сайысына мұғалім ұсынды.

Күн тәртібіндегі III мәселе жас мамандар үшін «Мұғалім құзыреттілігі» тақырыбына семинардың өткізілуі жөнінде Г.Әмірғазина сөйледі.

Күн тәртібіндегі IV мәселе 9-11 сыныптардағы қазақ тілі және әдебиеті, тарих пәндерінің жүргізілуі туралы директордың оқу ісінің орынбасары Г.Жанбосынова сөйледі. Қазіргі қоғам талабы – оқыту мен үйретудің әдістемелерін жақсарту және жаңа технологияның озық тәжірибелерін қолдану керектігін көрсетіп отыр. Қазыргі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда пән мұғалімдері оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетінен білім сапасын салыстыра отырып, үлкен нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етеді. 9-11 сыныптарының білім сапсымен таныстырды. Нәтиже бойынша II оқу тоқсанында 9 «ә» сыныбының білім сапасында айтарлықтай өсу байқалды. I оқу тоқсанында 40% болса, II оқу тоқсанында 75%, +35 пайызға өскен. Пән мұғалімі С.Мухатина.

Күн тәртібіндегі V мәселе бойынша қоғамдық- гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша ҰБТ – ға дайындық барысындағы негізгі мәселелер туралы тарих және қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша

Н.Каргина, Б.Уатқанова, С.Әуезбекова, Г.Әубәкір сөйледі. Мұғалімдер ҰБТ дайындығына арналған жоспар, міндеттерімен таныстырып, дайындық барысында жүргізілетін тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Соңғы алынған тест нәтижелерін көрсетті.

Қабылданған қаулы:

1. Әдістемелік кеңес шешімі бойынша «Үздік педагог» байқауының аудандық кезеңіне Ж.Хасенова, Ә.Фазылова, К.Аймағамбетовтың жұмыстары толықтырылып, ережеге сай өңделіп ұсынылсын. Қосымша қатысамын деген мұғалімдерге де өз еркімен қатысуға мүмкіндік берілсін.
2. І жарты жылдық бойынша пән бірлестік мұғалімдерінің оқушы және өзінің жетістіктері бағаланып жыл қорытындысында 1,2,3 орын алған мұғалімдер еңбектері ескеріліп марапатталсын.
3. Қазақ тілі, тарих пәндері, басқа да пәндер бойынша ҰБТ-ге дайындық жұмыстары жандандырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Г.Жанбосынова

Ә. Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысқаны: 65

Қатыспағаны:

24.03.2023 жыл

Хаттама №4

Тақырыбы: «Мектепшілік ғылыми зерттеу жұмыстары»

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1. Жыл бойы жүргізілген ғылыми жұмыстардың қорытындысы

К.Абдикова

2. Шығармашылық топтың «Критериалды бағалау арқылы білім сапасын көтеру»

«Сабақты зерттеу» шығармашылық топ

3. Мектептің аттестаттау комиссиясының жұмыс нәтижесі

К.Абдикова

4. 4,9 сынып оқушыларының МОДО-ға дайындығы

4, 9 сынып жетекшілері

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдикова жыл бойы жүргізілген ғылыми жұмыстардың қорытындысы туралы сөйледі. Былтырғы 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша екі жұмыс, яғни, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі К.Аймағанбетов, Ә.Досбергенова жұмыстары бағаланып, аудандық білім бөліміне жіберілді. Осы жұмыстар облысқа жіберіліп, өзіндік бағасын алып, жүлделі орындарға ие болды. Осы мақсатта биылғы оқу жылының мектепшілік байқау өткізіліп, аудандық кезеңге жұмыстар ұсынылып отыр.

Қабылданған қаулы:

Аудандық білім бөліміне ұсынылған жұмыстарды сапалы дайындау бірлестік жетекшілеріне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі II мәселе шығармашылық топтың «Критериалды бағалау арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбында «Сабақты зерттеу» шығармашылық топ жұмысының есебі тыңдалды. Кез-келген мұғалім критериалды бағалауды қолданбас бұрын оның өзіне тән терминологиясын толық меңгерген жөн. Сондықтан біз критерий деген сөздің мағынасын өзіміз түсінуіміз қажет. Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалды бағалау – бұл оқушылардың білім мазмұны мен мақсаттарына сай, оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда нақты анықталған, ұжыммен қалыптастырылған, алдын ала оқушылардың барлығына белгілі, білім жетістіктерін бағалауға негізделген үрдіс.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. «Бағалау» терминінің өзі «жақын отыру» дегенді білдіреді. Ал, бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдейді (оқушылар бірін - бірі бағалау, топпен бағалау, топты бағалау әдістерін қолданғанда).

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі: заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады; оқушылардың білім сапасын арттырады; тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін, шығармашыл бағалау жүйесі.

Қабылданған қаулы:

Бағалаудың түрлерін тиімді пайдаланып, оқушыларды терең біліммен қаруландырып, білім сапасын көтеруге жұмсалсын.

Күн тәртібіндегі III мәселе мектептің аттестаттау комиссиясының жұмыс нәтижесі туралы ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдикова сөз алды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсанындағы №533 бұйрығына сәйкес мектеп директорының басшылығымен аттестаттау комиссиясының құрамы бекітіліп, бұйрық шығарылған. Комиссия құрамы педагогтардың портфолиоларын, жұмыс нәтижелерін сараптап, зерделеп, аудандық білім беру бөліміне ұсынды (педагогтар тізімі таныстырылды). Жұмыс нәтижесінде барлық мұғалім екінші кезенге өткізілді. №514 бұйрыққа сәйкес жұмыс нәтижелері қаралып, зерделенді.

Қабылданған қаулы:

Педагогтардың біліктілігін арттырудағы атқарылатын жұмыстар педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы жалпы ережеге сәйкес жүзеге асырылсын.

Күн тәртібіндегі IV мәселе 4, 9 сынып оқушыларының МОДО-ға дайындығы туралы сынып жетекшілері сөйледі. 4 «А» сыныбына А.Нургазина, 4 «Ә» сыныбына А.Абақанова жетекшілік жасайды. Сынып жетекшілер оқушылардың дайындығы туралы айтып өтті. Ай сайынғы алынған тест нәтижелерімен таныстырды.

Жалпы оқушылардың дайындығы қанағаттанарлық деп есептейді. Әлі де дайындық жұмыстары жүргізілуде.

9 «А» сыныбының жетекшісі Г.Амиргазина, 9 «Ә» сыныбының жетекшісі Р.Агажанова, 9 «Б» сыныбының жетекшісі С.Ауезбекова білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі туралы әр сыныпта жүргізілген жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Тест тапсырмасының формасы бір дұрыс жауапты таңдауға арналған, тестті орындау уақыты – 150 минут, максималды балл 75 балл. Барлық сыныптарда білім алушыларға, ата-аналарға ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Сынып жетекшілер білім алушылардың тест нәтижелерімен таныстырды.

Қабылданған қаулы:

4, 9 сынып білім алушыларының МОДО-ға дайындығы, алынған тест жұмыстары қанағаттанарлық деп танылып, алдағы уақытта сапалы жұмыс жасау мұғалімдерге міндеттелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Г.Жанбосынова

Ә.Әмірбекова

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің
Амангелді жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Қатысканы: 65
Қатыспағаны:

29.05.2023 жыл

Хаттама №5

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмысының қорытындысы»

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1. Мұғалімдерді аудандық тамыз конференциясына ұсыну
2. ӘБ жетекшілерінің есебі мен жаңа оқу жылының міндеттері
3. ҰБТ-ға дайындық жағдайлары
4. Әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы:
 - Жас маман есебі;
 - Шығармашылық жұмыстар есебі;
 - Оқу кабинеттерін паспорттауға, қайта паспорттауға дайындық;
 - Білім жетілдіру курстарына жіберу қорытындысы

ДОО

ӘБ жетекшілері

Г.Жанбосынова

Г.Әмірғазина

«Ұлағат», «Сабакты зерделеу» тобы

Мектеп әкімшілігі

К.Абдикова

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары сөйледі. Бірлестік жетекшілеріне озат тәжірибе дайындау жөнінде тапсырма берілді. Озат тәжірибе көлемді, сапалы, тиянақты болу керек екендігі айтылды.

Қабылданған қаулы:

Дайындалатын озат тәжірибенің сапалы болуы әр бірлестік жетекшісіне міндеттелсін.

Күн тәртібіндегі II мәселе ӘБ жетекшілерінің есебі мен жаңа оқу жылының міндеттері тыңдалды. Жыл ішінде жасалған жұмыс қорытындыларына баға беріліп, жаңа оқу жылына құрылған міндеттер таныстырылды.

Қабылданған қаулы:

ӘБ жетекшілерінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, жаңа оқу жылының міндеттері қаралып, толықтырулар енгізілсін.

Күн тәртібіндегі III мәселе ҰБТ-ға дайындық жағдайлары туралы Г.Жанбосынова сөйледі. Оқу жылының қыркүйек айынан бастап ҰБТ-ге дайындық жұмысы қолға алынған. Іс-шара, бағдарламалық жоспар құрылып, пән мұғалімдеріне тапсырма беріліп, дайындық кестесі құрылған. Оқушылардың соңғы тапсырған тест нәтижелері таныстырылды. Тест бойынша төмен нәтиже көрсеткен және осы жөнінде пән мұғалімдері өз пікірлерін білдірді.

Қабылданған қаулы:

ҰБТ-ге оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындау туралы шешім қабылданып, жауапкершілік мектеп психологіне жүктелсін.

Күн тәртібіндегі IV мәселе әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы тыңдалды. Жас маман жұмысының есебі туралы жетекшісі Г.Әмірғазина сөйледі. Жыл ішінде жас мамандармен жүргізілген жұмыстар, іс-шаралар, қоғамдық атқарған жұмыстар туралы айтып өтті. Әр жас маманға баға берілді.

«Ұлағат», «Сабақты зерделеу» тобының жұмысы тыңдалды. Оқу жылы ішінде сабақтарға қатынасып, оқушылардың білімін, педагогтардың жұмыс нәтижесін көрді, бағаланды және есебін берді.

Оқу кабинеттерін паспорттауға, қайта паспорттауға дайындық туралы мектеп басшысы сөйледі. Оқу кабинеттерінің келесі оқу жылына дайындығы және жабдықталуы жөнінде айтып өтті.

Ғылыми істер жөніндегі орынбасар К.Абдикова білім жетілдіру курстарына жіберу қорытындысы туралы сөйледі. Курсқа қатынасатын мұғалімдерге уақытының таныстырылғандығы айтылды.

Қабылданған қаулы:

Әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Білім жетілдіру курсына педагогтардың уақытылы қатынасып отыруы К.Абдиковаға міндеттелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Г.Жанбосынова

Ә. Әмірбекова